


Новый год



ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП НЕМЕСЕ ТҰҒЫР ТУЫНДЫ

Бұл бір ұзақ-сонар хикая. Ең алғашқы жүлгесі санамда бұдан төрт-бес жыл бұрын сұлбаланған-ды. Бірақ... ақ парақ бетіне түспей, кешеуілдей берген. Жазу үстеліне табандап отыру үшін де жасақ-жарағыңның мейлінше сақадай-сай болғаны жөн-ау. Ал қаламгердің басты қаруы – ойы мен идеясы, жиған-терген дерегі мен дәйегі. Ең ақыры қолыңдағы қаламың мен қағазыңа дейін көңіліңнен шыққаны дұрыс. Мұны текке тәптіштеп отырғам жоқ. Шығармашылық бабтың кінәмшіл мезеттерін бастан кешіп жүрген өркім-ақ жақсы түсінсе керек. Жас жазушылардың тырнақалды туындылары топтастырылған «Таңғы шық» жинағы жайындағы осынау толғанысымның да оп-оңай жазыла салмағанын айтқым келеді.

Жоғарыда мегзегендей алғашқы негізгі қолбайлау – елу жыл бойы киелі мұрадай сақтап келген «Таңғы шықтың» ұшты-күйлі жоғалып кетуі. Іздемеген, тінтпеген жерім қалмады. Кітап сөрелерін сан-мәрте сүзіп шықтым. Жым-жылас. Сирек кітап кімді қызықтырмас. Күдер үзгенмін еріксіз. Айтпақшы, сүйікті серігіме айналған «Таңғы шықтың» әу баста менің қолыма қалай тигенінен хабардар етейін.

✓ Өткен ғасырдың алпыс төртінші жылы, сегізінші сыныпты бітірер кезде Алматыдан сәлемдеме алдым. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газеті жақсы материалдарымен дара шыққан бір топ жас тілшілеріне шағын кітапхана сыйға берілетіні жөніндегі редакция алқасының шешімін Баспасөз мерекесі қарсаңында жариялаған. Республика бойынша үздік атанған отыз өрімталдың көшбасында тұрғанымды көргенде өзіме-өзім сенбегенім рас. Енді міне, сол сыйлық үлкенді-кішілі – жиырма-отыз кітапты аударып-төңкеріп мәзбін. Қазақ ақын-жазушыларының соңғы жылдары жарық көрген туындылары. Солардың санатында Қазақстан жас жазушыларының әңгімелерінен құрастырылған «Таңғы шық» бар екен. Ауылдың алақандай кітапханасындағы жұлым-жұлымы шыққан кітаптарды кеміріп біткен бізге бұл дүниелер әжептеуір талғажу болды. Әсіресе, сыртқы мұқабасында бүршік жарған қос тал жауқазын мен ақ тамақ қарлығаштар қалықтаған аспан түстес көгілдір кітап қолдан-қолға көшкен. Сыныптастарымды қойып, бүкіл ауыл жастары шөліккеп, тамсанып оқығаны есте. Жаз бойы дала қосында жатып, колхоздың пішенін дайындап жүрген бізден сәл ересектеу жігіттердің осы кітаптағы әңгімелерді талдап-талқылағандары да еміс-еміс жадымда. Ақиқатын айтқанның еш әбестігі жоқ шығар. О кезде сөз өнерін, сөз сиқырын жете ұқпайтынбыз. Жазу-сызуға әуестігім басым мен алматылық бейтаныс ағаларым жіберген кітаптарды көзімнің қарашығындай қадірлеп, шама-шарқым жеткенше ұқыптап ұстауды ойладым.

✦ Бірер жылдан кейін ҚазПИ-ге түсіп, студент атанып, ауыл шаруашылық жұмысына аттанғанда да бауыр басқан көк кітапты жол қапшығынан тастамағанмын. Қиырдағы Қостанай облысының Жітіқара ауданына қарасты аса ірі астық совхозы «Чайковскийдің» тау-тау боп үйілген қырманында жүргенде де қолтығымнан түспеді.

Тың төсінде танысқан алау жүректі албырт студенттер махаббат туралы, сүйіспеншілік жайлы кітапты кезекке тұрып сапырған еді. Сағынышты жылдар сазын қалайша ұмытарсың. Бір қуаныштысы, осы кітап арқылы алғашқы өлеңдері мен әңгімелері мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып жүрген, әдебиетқұмар жоғары курс студенттерімен танысып, біразының есімдеріне қанығып қайттым. Олар – Темірхан Медетбеков, Мұстафа Алдажаров, Әділхан Әлиайдаров, Нүкеш Бәдіғұлов, Төлеген Қажыбаев, Рүстем Жанаев... Тыңнан оралған бетте қаламды айнымас серік еткен біздер институттың әдеби өміріне айрықша ықыласпен, бөлекше құлшыныспен араласып кеттік... Институттың төл газеті «Педагогты» шығаруға атсалысу, түрлі әдеби кештер ұйымдастыру, ақын-жазушылармен кездесулер, кітап оқырмандарының конференциялары, әрқилы пікірталас-диспуттар өткізу... Бәрі-бәрі...

✓ Осылайша, кіршіксіз лағыл шақтың ұмытылмас күндері айларға, айлары жылдарға жалғасқан. Мұқағалиша жеткізсек – «Өмір-өзен». Соңына қарайламай тек ілгері тартады. Тоқтамайды... Жеткізбейді... Өткізбейді... Өмірге ғашықтық, әдебиетке құштарлық, жазуға іңкәрлік сезімі ойымызды да, бойымызды да өсірді. Осы орайда алғаш қалам тербеген балауса қауырсындарға «Таңғы шықтағы» әңгімелердің әсері ерекше болғаны сөзсіз. Өйткені, өз басым жас жазушылардың осы бір жинағы турасында әр жылдары, әр-әр жерде әлденеше рет естігенімді еске түсіруден жалықпаймын. Екінші, әлде үшінші курста «Әдебиет теориясынан» дәріс оқыған атақты академик Қажым Жұмалиев бізге ғалым Зейнолла Серікқалиевті таныстырған. «Менің шәкіртім. Өте білімді, талантты сыншы. Ендігі жерде практикалық сабақты Серікқалиев ағаларың жүргізеді...» Басқаларды қайдам, менің жүрегім алабөтен елегзи дүрсілдеп, аудиторияға сыймай кеткендеймін. Ғұлама ағамыз шығып кеткен бойда, бұған дейін көрмеген, жүздесіп тілдеспеген жаңа оқытушыма:

– Ағай, мен Сізді білемін, – дедім.

Қапелімде күтпеген сөзіме назар аударған ол іркілмеді:

– Атың кім өзіңнің, айналайын? Мені қайдан білесің? . .

Жылыұшырай жымыңдаған оның мейірімді жүзінен жанар аудармаған қалпы:

✓ – Зейнолла аға, «Таңғы шықтың» алғысөзін жазған Сіз емессіз бе?

– Иә, айналайын. Әдебиеттен хабарың болғаны ғой. Жарайсың. Жалпы, филологтар сөз өнерінен алыс болмауы тиіс. Сендердің араларыңда өлең, әңгіме жазатындар бар ма? . .

Аудитория шулап қоя берді:

– Бар, ағай... Бар... Жанаттың өзі жастар газетінің штаттан тыс тілшісі. Балаларға арналған этюдтері мен әңгімелері газет-журналдарда шығып жүр.

– Дәуітәлі, Серік пен Фатима өлең жазады.

– Қажығалым мен Еңліктің алғашқы әңгімелері де баспасөзде жарияланған...

Біз Зейнолла ағамен алғашқы сабақтың өзінде-ақ шүйіркелесіп кеттік. Емен-жарқын таныстық үстінде ол жазу-сызуға қатысты, қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихы төңірегінде небір қызықты жайлардан там-тұмдап болсын біраз хабардар қылған. Құдды ежелгі танысындай тұңғыш жүздесуінде қоштасып тұрып:

– Айтпақшы, «Таңғы шықты» бәріңнің де оқып шығуларыңа кеңес берер едім, – дегені миымда шегеленіп қалыпты. – Институт кітапханасында бар шығар. Өкінбейсіңдер. Менің бағамдауымша, қазақ әдебиетінің болашақ мықты қаламгерлері осы жинақта тоқайласқан тәрізді. Аяқалыстары тәуір-ақ... Маған ұнайды...

“ Рас. Әдебиет тамыршысы қателеспепті. «Таңғы шық» туралы жылы лебізді кейінірек «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш» газеті) жүргенде сиқыр сөзден сарай салудың хас шебері Сейдахмет Бердіқұлов пен қаламдас замандасым, алдаспан-сыншы Сағат Әшімбаевтан естісем, бертінде «СҚ» шаңырағында (бұрынғы «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті) Сапар Байжанов пен Ақселеу Сейдімбеков, Сарбас Ақтаев пен Сауытбек Абдрахманов арагідік лездеме үстінде еске түсіріп қоятын. Әдеби басқосуларда, алқалы жиындарда Сәуірбек Бақбергенов, Шерхан Мұртаза, Сайын Мұратбеков, Қалихан Ысқақов секілді сөз

зергерлерінің тамсана әңгімелегендерін де құлағымыз шалған. Елеңдегенбіз. Сөйтсек, бекер емес екен. Жоғарыда тілге тиек қылған қаламгерлер мұзбалақ тұйғындардың томағасын сыпыруға аз-кем қатыстары бар боп шықты. Әзірге о жағына бөгелмей, әңгіме ауанына қарай ілгеріде тоқталармыз.

... Өстіп жүріп араға тағы да ондаған жылдар түскен. «Таңғы шықтың» жаңғырығы да саябырлаған. Өмірдің заңы – буынға буын ұласты, толқынға толқын қосылды. Көзі қарақты елгезек оқырмандар құлағын түргізген «Таңғы шықтың» құрдастары бүгінде өздерінің шаңқай түстерін тойлай бастаған. Ендеше әдебиетіміздің кейінгі лек өкілдерін қалайша жазғырамыз?! Еш реті жоқ. Олар ондай кітаптың аты-жөнін де, түр-түсін де білмейді ғой. Үкілі үміттей саналған тамаша жинақ өз миссиясын абыроймен орындаған. Әлде-қа-шан... Шырақ жағып іздесең де таппайсыз. Себебі, кітапханалар белгілі тәртіпке сәйкес қолданыстан шығарып тастапты.

Астана мен Алматыдағы, тіпті шалғайдағы аудандық кітапханалардан шаң басып жатса да, тауып қалармыз деген үмітіміз ақталмады. Шарламаған жеріміз қалмады, әр-әр жерге телефон шалдық. Соңғы сәуле елордадағы Президенттің ғылыми-мәдени орталығынан жылтылдағандай еді. Кешен жанындағы кітапхананың Айдын есімді қызметкері:

– Компьютерге түсірілген жалпы тізімде «Таңғы шық» түр екен. Ертең абонемент бөлімінен алып берейін, бүгін олар жұмыс істемейді, – деп бізді қуанып тастады.

– Әйтеуір сіздерден табылды-ау. Рахмет!

Қуанғаннан ба? Жоқ, әлде неше күнгі әуре-сарсаңнан ба? Мазасызданып ұйықтай алсамшы. Міне, қызық! Көзім ілініп кеткен бетте түс көріппін. Түсімде жоғалтып алған «Таңғы шықты» аялап ұстап, асықпай парақтап отырмын. Елу жыл сақтаған кітабымды әйнекті сөредегі өз орнына қойып жатып оянып кеттім. Езуіме күлкі үйірілгендей. «Е-е... күндіз не істеп, не ойласаң түнде түсінде соны көресің». Одан әрі дөңбекшіп, кірпігім айқаспай-ақ қойғаны. Амалсыздан күннен бұрын оянып, уәделі уақытты күтпестен кітапханаға жеттім. Обалы көне, кітапханашы қыз зыр қағып жүгірді-ау. Сирек кітаптар қорын да, қойманы да ақтарып шықты.

– Аға, «Таңғы шық» табылмады. Әбден ескіріп, тозған кітаптардың қатарында бұрнағы жылы «списать» етіліпті...

– Өкінішті-ақ!

Өрекліген көңілім су сепкендей басылған. Басқа не дерімді білмей, қаққан қазықтай мелшиіп тұрып қалған түрімді көрген Айдын кітапханашының аянышты үні құлағымның түбінде әлі күнге жаңғырып тұрғандай.

– Ренжімеңіз, ағай. Мен кінәлі емеспін ғой...

Дұрыс айтады. Қаршадай қызды кінәлаудың еш қисыны жоқ. Әншейінде атша тулап, атқақтап кететін жүрегім тып-тыныш. Әлденені сезетіндей. «Қой, бүйтіп дәрменсіз күйге түсіп, тектен-тек пұшайман болмайын... » Үйге келген бойда жинаққа енген авторлардың өздеріне хабарласайын деп, еміс-еміс есімде қалған екі-үш жазушының үйлеріне телефон соқтым.

«Қырсыққанда қымыран іриді». Бірі мұңайып «Жалғыз ғана данасын сары сүрдей сақтап жүруші едім. Айырылып қалдым... » десе, екіншісі «Кезінде студент бір қызға мақтанып, сыйлап жібергеніме күні бүгінге дейін өкінемін» деп ағынан жарылған. Ал, үшінші ағамыз «Солай ма? Бірінші рет естіп тұрмын» деп сынықси кергіген. Тіпті, өз әңгімесінің жинаққа енгенін де білмейді. Сенейін бе, сенбейін бе? Шынын айту керек. Бұ жолы көңілім де, жүрегім де алай-дүлей. Қаным басыма көтерілген мен тұтас қабырғаны алған кітап сөрелерін соңғы мәрте ақтарып-төңкерсе жөнелдім. Абырой болғанда том-том кітаптардың екінші қатарына сақтықпен жасырып, тығып қойған «Таңғы шығым» сумақ етіп шыға келді. Түсімде аян берген көгілдір кітап. Дәл өзі. Елу жыл сақтаған әлгі кітапты тұңғыш рет көргендей ынтыға парақтап отырмын.

Ашу буган менің қуанышым шексіз-ді...

Көңіл орныққандай. Сирек құбылыс саналған кітаптың нақтылайтын тұстарына тоқталып, жинаққа кірген авторлар мен олардың тырнақалды туындылары төңірегінде егжей-тегжейлі сөз етпекпіз. Шығарма тағдыры – жазушы тағдыры. ✓

Қарапайым қағиданың қалтарысты астарына тереңірек үңілген сайын, беймәлім құпияның ақиқатына қаныға, көз жеткізе түсеміз-ау.

Ең алдымен ескертеріміз, «Таңғы шықты» шығарған «Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы» екен. Кейінірек бұл ұжымның «Жазушы» атанғаны баршаға аян. Жинақты құрастырған – Қалихан Ысқақов та, ал редакторы – Сайын Мұратбеков деушілердің пікірлері де жаңсақ көрінеді. Бұл қос қаламгердің осынау кітаптың жарық көруіне тікелей қатысы болғанымен, ресми бекітілген жазушы, яғни құрастырып, баспаға дайындаған Мағзом Сүндетов. Кітаптың редакторы танымал қаламгер Сәуірбек Бақбергенев болыпты. Жинақтың көлемі он үш баспа табаққа жетеғабыл. Таралымы – 10 000 дана, бағасы 53 тиын. Өте сараң жазылған андатпада кітап мазмұны түйіп жеткізілген: «Таңғы шыққа» – «Қазақ жас жазушыларының тырнақ алды, таңдаулы деген әңгімелері еніп отыр. Олар көктемгі даланың шығындай мөлдіреген шынайы махаббат пен шырын достық жайында әңгіме шертіп, оқырмандарымен адамгершілік жайлы сырласады».

Жинаққа арнайы жазылған алғысөзін сыншы Зейнолла Серікқалиев «Жапырағын жаяр жас емен» деп атапты. Алғашқы бетті парақтап жанар жүгірткенде-ақ, ойыңа осыдан үш жыл бұрын ғана ұлы Мұхаңның – Мұхтар Әуезовтің ҚазМУ-де өткен поэзия кешінде жас толқын әдебиетшілер хақында сөйлеген толғанысы оралары сөзсіз. «Жыл келгендей жаңалық сеземізде» өрілген қордалы ойдың – жапырағын жайған жүректің лүпілін естігендейміз. Естеріңізге түсіре кетелік, бұл кеш 1960 жылдың 25 желтоқсанында болды. Стенограмма арқылы жазып алынған Мұхаңның әйгілі сөзі «Лениншіл жастың» 28 желтоқсан күнгі санында жарияланған. Ал ұмытылмас оқиға жаңғырығын талғампаз сыншы былайша өрнектейді.

«Өмірінің соңғы кезінде, Қазақ университетінің кең залында үлкен мәртебелі мінбеден арыстай өр кеудесімен жүзіңе төніп тұрып бір ұлы адам сөз сөйледі. Ұлылық пен жастық бір шаңырақтың астында бетпе-бет кездесті. Ұлы адам адамгершілік, білім-парасат туралы, үлкен әдебиеттің үлкен өресі туралы тебіреніп тұрып айтты. Бұ да бір өсиет. Қайтып онымен кездесе алған жоқсың. Кескін-келбеті, бүкіл құдіреті, жаныңды ширатып, табаныңның астында сықырлаған декабрьдің ақ қар шыңылтыр аязына дейін – бәрі-бәрі көкірегіңде сол қаз-қалпында тұнып қала берді».

Мінеки Мұхтар Әуезовтің осы сөзін өз құлақтарымен естіген замандастардың дені «Таңғы шықта» бас қосып отыр. Олардың алдыңғы легі жоғары курста оқып жүрсе, кейінгі жас перілері студенттік думанды шақтың қызығына «гүмп» беріп кеткен бірінші-екінші курс студенттері еді. Оның үстіне Мұхаң қатысатын кез келген әдеби кештерге филфак пен журфактан басқа, өзге институттардың жастары да көптеп келетін. Үйреншікті үрдіспен зер сала қарасақ, жинақтағы жас қаламгерлердің арасынан политтің, схидің, консерваторияның, комсомол мектебінің түлектерін байқаймыз. Демек, аты-жөндері кейінгі кезде тек газет-журналдарда жарияланған әңгімелерімен таныла бастағаны болмаса, бірін-бірі жүзбе-жүз, жыға білмейтін жиырмаға жуық өрімталдың басын шығармашылық бақыты біріктіргендей. Жазуға құмбыл, әдебиетке ынтық, қазақтың қара сөзін тұмардай қастер тұтқан олардың туып-өскен өңірлері мен мамандықтары да әр қилы. Ұлы өнерге апарар үлкен шығармашылық жолдың бастауында тұрған талантты жазушылардың тырнақалды туындыларын егжей-тегжейлі сөз етпестен бұрын, «Таңғы шықтың» авторларын атай кетелік.

Иә, олар кімдер еді? Сүйікті оқырмандарымыздың да елеңдеп отырғанын жүрек, шіркін, сезеді-ау. Сонымен қазақ әдебиеті атты киелі шаңыраққа уық боп шаншылған қаламгерлер тізімін жинақтағы ретімен түзіп шығайық. Олар – Ерғали Ахметов, Тобық Жармағамбетов, Шәмшидин Әбдіраманов, Абдулхамид Исаев, Өтеген Күмісбаев, Дулат Исабеков, Күнсия Оспанова, Байжігіт Әбдіразақов, Төлеш Шаханов, Төлеу Шаханов, Есенжол Домбаев, Жарас Ахметов, Қарауылбек Қазиев, Алтыншаш Жағанова, Төлен Әбдіков, Қарлыбай Жайтабаров, Елен Әлімжанов, Фалымжан Қаллемов, Мұхтар Мағауин, Дархан Сапаров, Мүбәрак Сыдықов.

Тағатсыздана тосқан тегеурінді толқынның ұзын-ырғасы, міне осындай. Әрі қарай елеп-екшеу өз құзырыңызда. Жүрек сүзгісінен артық таразы да, талқы да жоқ

шығар, сірә. Ендеше жинақтағы шығармаларды жан-жақты тілге тиек ете отырып, авторлардың үлкен әдебиеттегі өмірнамасына үңілмекпіз. Зейнолла Серікқалиев кітапқа арнайы жазған алғысөзін мынадай пікірмен түйіндепті: «Таңғы шықты» мақтау да, даттау да мұрат емес, «Таңғы шықты» талдау керек». Сыншы ағамыздың аманаттай көрінер осынау ойын жарты ғасырдан кейін қолға алу біздің пешенемізге бұйырғандай.

Қалай орындалды? . Мақсат үдесінен табылдық па? .

О жағын сараптауды талғампаз да, өрелі оқырманның еншісіне қалдырдық.

ЖҮРЕКТЕРГЕ ҰЯЛАҒАН ЕГІЗ ӘҢГІМЕ

...Талай жүректерді дірілдеткен, талай сезімдерді оятқан әңгіменің әсерінен арыла алмай, тамаша күйге бөленгендеймін. Қырдан лекіген алтынкүректің кәусар таза деміндей. «Жүрек ешқашан қартаймайды» деген тәмсілдің тылсымына көзінді жеткізіп, көңіліңді сендірген. Өлденеше мәрте оқыған әңгіме. Айрықша қадап айтарымыз, бұдан елу жыл бұрын осы әңгімемен ең алғаш рет танысқандағы көңіл-күй әсерінің қызуы да бәз-баяғы қалпында секілді. Өшпеген. Маздақты ойымызды осылайша сәулелендіре өрбітуге өзек болып отырған «Таңғы шықтағы» беташар әңгіме – «Ақ бантик», авторы Ерғали Ахметов.

Шығарманы бұтарлап талдамастан бұрын Серікқалиев сөзіне қайта құлақ түрейік. «...Өз замандастарына өз ісінің алғашқы жемісін, алғашқы қуанышын ұсынып, тырнақалды туындыларымен тұңғыш рет бой көрсеткен мұндағы әрбір жаңа есім бұл кітапқа әлден-ақ бір-бір ұлы шығарма жазып тастағандықтан еніп отырған жоқ. Халқымыздың рухани мұрасына айналар жақсы шығарма жаза алатындықтарына үміт арттырып еніп отыр. Оларды әдебиеттің үлкен өміріне үлкен арман алып келді.

Ал үлкен арман – үлкен дүниеге баспалдақ.

«Таңғы шық» – қазақ әдебиеті алдында азаматтық парызын түсініп, адамгершілікті, адалдықты, іскерлікті ту қылып көтерген кейінгі ұрпақтың өнерпаздық сапасы көрінер алғашқы бір асу. Талант дөрежесі, талғам-танымы, өмір жайлы, адамдар жайлы түсінігі әрқилы, әртүрлі адамдардың байтақ оқушымен бетпе-бет келіп, күш-қабілет күдіреті, білім-парасаты, мәдениеті сарапқа түсер жер».

Жас сыншының өз құрдастары мен замандастары жайындағы ұстамды пікірінен көп нәрсені аңғарамыз. Терең тебіреніспен толғаған алғысөзде сарабдал да, сезімтал әдебиетшіге тән сипат басым. Тәжірибелі де, атақ-даңқы жер жарған мүйізі қарағайдай қаламгерлерше еркін көсілген оның пікірлері кесек-кесек. Өлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінің жетістіктерінен орнықты ой ұшқындатады. (Айта кету керек шығар. Бұл кезде жарқ етіп көрінген жасын сыншы Зейнолла Серікқалиев университетті әлі бітірмеген болатын. Ж. Е.). Кітапқа топтастырылған жиырма жас автордың қаламынан шыққан шығармаларды шетінен талдамай, әрқайсысына бөлек-бөлек тоқталмай, тек екі әңгіме төңірегінде ғана сөз қозғайды. Әдейі, мақсатты түрде. Әйтпесе, өзге талапкерлердің туындыларын жаңғақша шағып, төрелік етуге Зекеңнің зердесі де, зейіні де молынан жетсе керек. Бірақ ол өйтпейді. Өзіне жүктелген міндеттің асқарынан зер салуға ұмтылады. Жинаққа іріктелген жас қаламгерлердің қатарында үлкен жауапкершілік пен зор сенім артылғанын іштей сезінген талапкер сыншы нағыз әдебиет тамыршысындай салиқалылық танытады. Қазақ әдебиетіндегі іргелі ізденістер мен игілікті жемістерді баяндай отырып, келешек көкжиегіне жастар творчествосына сүйене көз жүгіртеді. Осы орайда Серікқалиев сөз саптауынан биік өре, терең интеллект анық байқалады. «Әрбір жаңа есім әлден-ақ бір-бір ұлы шығарма жазып тастамаса да, олардың әдебиеттегі алғашқы қадамдары – алғашқы асу» сәтті деп әңгіме өрбітеді.

Өлгінде ауызға алған Ерғали Ахметовтің «Ақ бантигі» сол жақсы дүниелердің санатына жатады. Мөлдір сезімге құрылған көркемдік деңгейі жоғары, жып-жылы романтикалық әңгіме. Мәңгі ескірмейтін махаббат, сүйіспеншілік тақырыбын арқау еткен бас-аяғы жұп-жұмыр шағын шығарма ізгілік иіріміне батырады. Бір қарағанда айғайлап, көзге ұрып тұрған «сүйдім-күйдім», «өлдім-өштім» дейтін таптаурын

жаттанды оқиғалар суретін ұшыратпайсың. Сөйтсе-дағы көнігі қылқалам шеберінің жан-дүниенді баурап алар құдіретті картинасындай, ғажайып әсерге шомылдырары даусыз.

Әңгіме жеңіл оқылады, автордың бейнелі де, көркем тілі тартымды-ақ. Оқиғаны дамытудағы табиғат көріністерін кескіндеп, кейіпкер образын мүсіндеудегі штрихтар орны-орнымен кестеленген. Құдды суретші полотносындай. Тұнық бояу, әдемі әуез сыңғырлап сөйлеп тұр.

Қызығы мол студенттік жылдармен қоштасып, дипломдарын қолға алған достар бірін-бірі қия алмайды. Қайраттың қолқалауымен Ол Жетісудің баурайындағы шұрайлы ауылға келеді. Бірер апта демалып, тынықпақ. «Көп сөзді қой... Біздің жақ әсем. Ауылды заңғар таулар қоршап тұрады. Іргеде өзен, суға шомылып, балық аулаймыз. Бүркіт балапанын ұстаймыз, жартасқа шығамыз. Үй тыныш, апам мен кішкентай қарындасым ғана бар...».

Сағынышпен қауышқан бұл отбасының бір-бірін сыйлап-құрметтеуі, ашық-жарқын қарым-қатынасы бейтаныс қонаққа қатты ұнайды. Ауыл анасына жарасар кеңпейіл, үнемі жұмсақ жымып, байсал тіл қатар Қайраттың шешесі мен тентектігінен гөрі еркелігі өктем, батыл да қайсар қарындасы Жанаттың таңғаларлық қылықтары бірден үйіріп алады. Әсіресе, ақ бантигі желбіреген Жанатпен ежелгі танысындай тез шүйіркелесіп кетеді. Ол жақын арада мектеп бітірмек. Арманы асқақ, қиялы қанатты оның әр сөзі, әр күлкісі, әр қылығы назар аудартып қана қоймай, сезім пернесін тербей бастайды. «Мен де алғашында аздап тартынсам да, кейіннен көктемгі даладан гүл жиған баладай Жанаттың шашылып қалған күлкісін теріп, балалық бағына тереңдей сүңги бердім». «...Қызық өзі осы қыз, ойлары да өзі сияқты тынымсыз, қайсар ойлар. Қатесі мен шындығы араласып жатады...» Ақылды ерке, қылаусыз пәк, өмірге ғашық балғын қыз бейнесін автор әп-әдемі ашады, шынайы бейнелейді. Түп-тұнық шуақты нұрға оранасың. Сөзуарлыққа салынбай, жалғандыққа ұрынбай негізгі кейіпкерді көбіне іс-әрекет үстінде көрсетеді. Жазушы жаттанды детальдарды шиырламай, оқиға желісін диалогтарға құрып, табиғат құбылыстарымен астастыра суреттейді.

Осы ретте мына бір диалогтарға үңіліп көрейікші.

«— Сіз, ағамен қалай дос болдыңыз? Ол кішкентай күнінде мақтаншақ болатын. Мінездері ұқсас адамдар ғана дос бола алады деуші еді, — деп қуланды Жанат біз шай ішіп отырғанда.

— Сен тентектікті қой. Менің кішкентай күнімді қайдан білесің, онда өзіңнің жылаудан көзің босайтын. Қазір де үлкен боп, оңып тұрғаның белгілі.

— Қайдан кішкентай... Апам күйеу дайындап та қойды, — деп Жанат ағасына көзін қысып, шешесі жаққа қулана иек қақты.

— Тек әрі! Сен қияңқыға сөз айтып болмас тегі, — деп шешесі қызарақтап, ұялып, мырс етіп күліп жіберді. Кейін білдік. Сол ауылдың бір жігітінің туыстары Жанатқа сөз салып байқаған. Жанат шешесінің солармен ескі ғұрып бойынша сөз алысқанын мін етіп айтқандағысы екен.

Бұл семьяның ашық ақкөңілділігі маған қатты ұнады. Әсіресе, Жанат қылықтары мені таңдандырудан жалықтырған жоқ. Ертең ерте сабаққа кетіп бара жатып, ағасы мен шешесінің көзінше маған жақындап кеп, көзі жайнаңдап, ыстық демімен күйдіре аузын құлағыма тақады да:

— Сіздің көзіңіз ұйықтағанда ашық жатады екен. Мен таңертең көрдім. Сүйгеніңіз сұлу болады, — деп сыбырлады да, сол қылығына өзі мәз боп күліп, ақ бантигі желбіреп шығып кетті.

— Сен оңбассың, оңбағыр... О несі, жас бала құсап... — Оның ұрыншақ қылығын білетін шешесі, қыздың не айтқанын естімесе де, менің қызарып кеткенімнен қауіптеніп, күле күңкілдеп ұрсып қалды.

— Ол сондай... Көңіліңе алма, — деді Қайрат та мені жұбатып».

Өте нанымды, селкеусіз сурет. Қарапайым да, аңғал бала-көңіл тап-таза. Еріксіз езуіңе күлкі үйіріледі-ай. Ерғалидың өзіндік қолтаңбасын айшықтайтын табиғат көріністерін тамылжыта суреттейтін тұстары да бейжай қалдырмасы анық. Өзен

жағасындағы балық аулау, Жанаттың жаңбыр астында қалған сәтін байкампаз қаламгер әсерлі бедерлейді. Бұл жерде ол құрғақ тамсануға бармай, адамның ішкі психологиясына тереңірек зер салады. Мәселенки, сөзбен сурет өрнектеуге машық қаламнан туған нәсерден кейінгі көріністі тамашалап көріңізші.

«Шығыс жақта барған сайын алыстап, қарауытып жаңағы нәсер кетіп бара жатқан. Оның бер жағында көк аспанды белдеулей доға жасап, бір шеті жерге тиіп көздің жауын алардай айқын кемпірқосақ құлпырып тұр. Таудан асып бара жатқан күннің ерекше алтын сары шапағы сонау көкжиектегі бұлттардың бауырын күрең қызылға бояп, түлкі жонына ұқсатады. Қайрат екеуміз иық тірестіріп, сонау тауларға дейін созылып жатқан, жуынып тазарған кең алқаптың нұрға балқып, керіліп, жеңіл тыныс алған кешкі сұлулығына көз тігіп ұзақ тұрдық. Қайрат өзінше бірдемелерді ойлап тұрған шығар. Менің кеудеме біртүрлі мұң ұялағандай. Еркіндігімен, еркегімен менің тыныштығымды алып, тас-талқанын шығарған, сүйкімді Жанат сол еш нәрседен алаңсыз, аңқау қалпы қалып барады. Мүмкін ол өзінің мендегі тұнып жатқан сезім көлін шайқап, мазасыз, азапты да тәтті бір күйге бөлегенін сезбейтін де шығар. Енді бірнеше күннен кейін мектепті бітіреді де кетеді. Қайтып кездесеміз бе, жоқ па?»

Жанарына жаңбырдан соңғы ауылдың алып панорамасы тұтас сыйып кеткендей. Бар бояу-реңкімен көз алдына жетіп келген сырлы әлем ішкі жан толқынысыңды тербейтіндей ме, қалай? Бойды билеген бейкүнә мұңды сезім тұңғыық ой-мұхитына шомдырады. Шындығында солай. Жүректерге ұя салған уыз махаббат үніне әркім-ақ құлақ түргісі келер еді...

Лирикалық әңгіменің финалындағы эпизодтар да тебіреніске толы. Алай-дүлей буырқанған сезім құшағына оранған қонақ жігіт әдеттегіше ауыл сыртындағы тоғайлы өзенді жағалап, жалғыз өзі сөйлдеп қайтпақ болды. Уақыты бітіп, ертең қайтпақшы. Мұны сезе қойған Жанат та «көрші құрбымнан кітабымды аламын», деп шешесін алдаусырата ілес шығады. Күндегі серуен сүрлеуіне түскен бойда ойқышойқы сауалдарын ағытқан тентек қыз тосын сұрақ қояды. «Менің бір құрбымды жігіті тастап кеткен, сол үнемі бақытсызбын деп жүреді. Бұған қалай қарайсыз?..» Қапелімде тосылып қалған ол «Өзің сүйгеніңнен ажырассаң, қайғырмайсың ба?» дейді.

«– Мені сүйгенім тастамайды. Мен де оны... Егер сүйгенім сіз болсаңыз тастар ма едіңіз мені?». «– Жоқ дейді ол мүдірмей».

...Артынша бал-бұл жанған балауса бойжеткеннің басына бір ой сап ете түседі. Алабетен құлпыра жымыңдаған күйі шашындағы үлбіреген ақ бантигін шешіп алып, биік талдың бұтағына әдемілеп байлайды. «Осы жерде қалсын».

Ілгері жылжыған екеуі ұзаңқырап барған соң, шыдай алмай арттарына қарайды. Кешкі самалға көбелекше дірілдеген ақ бантик бозарып шалынған. Жетімсіреген ақ бантик серігін іздейтін секілді. Жоқ, әлде қол бұлғап балалықпен қоштасқандай ма?

Иә, ол Жанатқа өте жарасады екен. Тіпті ақ бантик, албырт балалық, алау жүректер бір-бірінен ажырағысыз тәрізді.

Бейуақтағы мұңды сарын маңайды қымтап, тұмшалай түскен. Олар қол ұстасып бірге кетіп барады...

Міне, бұл – Ергалидың «Ақ бантигі».

* * *

«Таңғы шықта» тағы бір «Ақ бантик» бар. Жоғарыда тақырыпшада атап көрсеткеніміздей, егіздің сыңарын жазған Қарауылбек Қазиев екен. Кітапты парақтап отырған кез келген жанның ең алдымен, осы екі әңгімені салыстыра сүзіп шығары күмәнсіз. Себебі белгілі де, түсінікті. Қызығушылық пен әуестік. «Әңгімелердің тақырыбы ортақ көрінеді. Әрине, махаббат, сүйіспеншілік туралы ғой. Қалай жазды екен бұлар?..»

Кезінде мен де сөйткенмін. Тіпті, таңдайымды тақылдатып, қатты аңырғаным рас. Неге? Төрт беттік әңгімені бір демде оқып шығайын. Тартымды да, тұщымды.

Екі шығармаға тән ұқсас сипаттар қаз-қалпында қайталанбаса да бұлындап бой көрсеткендей. Романтикалық сарынға құрылған шағын әңгіменің қоңыр әуенмен аяқталу шешімі де бір-біріне жақын-ақ. Табиғат көріністерін суреттейтін сәттері (өзен жағалауындағы тоғай алабы, ауыл түні, жаңбыр алдындағы мезгіл), намысшыл да, өжет Табиғаның тосын қылықтары мен іс-әрекеттері ойландырмай қоймайды. Ең ақыры, екі әңгімедегі қайсар қыздардың болашақта космонавт болуды армандайтын тұстары да елең еткізсе керек. Дәуір жаңалығына дер кезінде үн қосу, яғни адам баласының ғарышқа жол сала бастаған кезі. Сөйте тұра өресі биік оқырманға тамаша дүние ұсынған жас авторларға іштей риза боласың-ау. Қиялдары құп қосылған қос қаламгерді жүрегімізге қатар ұялатқанмыз да анық.

Екінші «Ақ бантиктегі» Ербол мен Табиғаның арасындағы бал дәуренге лайық әрекеттер мен сезім қылын тербер штрихтарды шиырлай түзбей, әңгіменің түйінін назарларыңызға ұсындық.

«— Ербол, жауын келеді.

— Иә, жауын келеді.

— Мен жауынды ұнатамын.

— Қазір-ақ малшыған су боларсың онда.

— Солай болса да...

— Мен түнді ұнатамын.

— Сен сескенер қорқынышы көп қой оның.

Аптығып самал жүгірді, қастарындағы ағаш жапырақтары шуылдай жыбырлап, алақан соқты.

— Жүре тұршы, қазір барамын.

— Тағы да жасырынбақысың?

— Жоқ, қазір барамын...

Ұйқылы ауылдың әрбір жерін тескілеп түнгі қораз да айғайлайды, күн күркірінің дауысы естіліп, бірте-бірте жақындай түсті.

— Ағаш түбінен бір нәрсе қарадың ба?

— Ешнәрсе қарағам жоқ.

— Ал, анау, ағарған не?

— Ол менің бантигім, әдейі қалдырдым!..

Қыз көзіндегі моншақ жастарды бала жолдасы байқаған жоқ. О жер бұ жерге тиіп, сирек тамшылаған түн жаңбыры себелей бастады. Найзағай жазулары тіпті жақыннан жылтылдап, ирек-ирек ұшқын ойнатты. Қыз алысқа шығып, артына қарады. Қараңғыда ағараңдап, көмескі жұлдыздай ақшылданып көрінген ақ бантигі әлсін-әлсін алыстай берді...»

Қарауылбектің де тілі құнарлы, көркем. Сөз қадірін жақсы түсінеді. Орынды-орынсыз сөз сапыруға бармай, әр тіркесті, әр ойды түрлендіріп, дәл бейнелейді. Қарапайым көрінер әдеттегі құбылыстардың өзін мейлінше кестелеп, әуезді нақыштармен түйіп-түйіп беруге ұмтылады. Осындай ізденіс іздерін алақандай әңгімеден молынан теріп аласың. «Ине жасуындай ұсақ тамшылар», «Ұйқылы бейуақ селт еткендей», «Жетімсіреген жалғыз үн», «Кілегей тыныштық дір-дір етеді», «Түнгі ауыл аспанын тескілеп қораз шақырған», «Найзағай жазулары жақыннан жылтылдайды», «Өзен ішіне төгілген аспан жұлдыздары» т. б. тәрізді зәрлі сөздер шығарма шырайын келтіріп-ақ тұр:

Жазушы қолтаңбасын даралаудағы диалогтардың қызметі айрықша. Оқиғаны дамытып, өрбітуде автор көбіне диалогтарға жүгінген. Қазиев әңгімесінен «менмұңдалаған» өзгеше ерекшелікті байқау қиын емес. Қызыл тіндей тартылған негізгі желіні үзіп алмай, керісінше шымырлап ширата түсуде диалогтар ұтымды пайданылғаны атойлап көзге ұрады.

Міне, бұл – Қарауылбектің «Ақ бантигі».

... Сыршыл лиризмге толы екі әңгіме. Албырт жастық жайлы жыр. Бірде сезімді серпілтіп сілкінтсе, енді бірде тәтті мұңға бөлеп аялайды... .

Жақсы дүние көзге ә дегеннен-ақ ілінсе керек. Кітапқа кірмей жатып оқырмандар назарын аударған «Ақ бантиктің» авторлары бірден танымалдар қатарына қосылған. Әсіресе, жазу-сызудың маңайында жүрген сөз танитын ақын-жазушы ағайындар арасындағы гу-гудің жаңғырығы керемет еді.

– «Ақ бантикті» оқыдың ба? Алғашқы әңгімесі ғой. Өте мықты...

– Өзің кімді айтып тұрсың?

– Қазақ әдебиетіне жаңа талантты жазушы келді мен білсем. Ерғали Ахметов деген... Сеңбесен «Жұлдызда» жарияланған «Ақ бантигін» оқып көр.

– Ой, түсінсем бұйырмасын... Иә, оның да әңгімесі «Ақ бантик» деп аталады. Бірақ, аты-жөні басқашалау сықылды...

– Қой, басқа біреумен шатастырып тұрған шығарсың.

– Жо-ға! «Жұлдызда» емес, әй, осы «Мәдениет және тұрмыстан» ба, әлде «Қазақстан әйелдері» журналынан оқыдым-ау, шамасы. Жаңылмасам авторы Қарауылбек Қазиев болуы керек.

Осылайша жұрт «Ақ бантиктің» авторларын біразға шейін шатастырып жүрді. Тіпті, өз ойларын дәлелдегісі келген кейбіреулердің өзара керілдесіп қалғандарынан да хабардармыз.

«Менің айтып отырғаным Ерғалидың «Ақ бантигі». Қатты ұнаған маған...»

«Ұнаса қайтейін. Әзірше ақыл-есім орнында секілді. Қарауылбек Қазиевтің «Мәдениет және тұрмыста», жоқ әлде «Қазақстан әйелдері» журналында шыққан «Ақ бантигі» өте тамаша әңгіме. Мүмкін, сен сонымен шатастырған боларсың...».

«Жарайды, қойшы, текке таласпа. Ерғалидың әңгімесі де «Ақ бантик» аталады. «Жұлдыз» журналында басылыпты. Сенбесең, кәне, кел бәстесейік...»

«Сонда қалай? Шынымен-ақ қателесіп тұрмыз-ау екеуіміздің біріміз...»

Со-о-н-ау студенттік жылдары, кейінірек «Лениншіл жаста» («Жас Алаш» газеті) жүргенімде әлденеше мәрте ұшырасқан жоғарыдағыдай сурет «СҚ»-да («Социалистік Қазақстан») мүлдем өзгеше қырынан жаңғыратын. Аптаның әр дүйсенбісінде өтетін лездеме үстінде кезекші-шолушылар «Жексенбілік әңгіме» айдарымен жарияланған шығармаларға ұзақ тоқталады. Соңғы төртінші беттің, үш-төрт бағанасын алып жататын әңгіменің жетістігі мен олқы тұстарын жан-жақты ашық айтып, жіліктеп талдайды. Әңгіме авторларының сөз қолданысы мен тіліне, стилі мен ізденісіне өз пікірлерін ашық білдіреді. Әрине, оқта-текте атақ-даңқымен, лауазым-беделімен шығып кететін жасық дүниелердің бетін қып-қызыл шимайлап сынайтын кездер де болады. Сөйтсе де көңіл толтырмайтын әңгіменің өзінен жылт еткен жаңалығын байқаған жігіттер «Жалпы мұндай әңгімелер де қажет шығар. Әйтеуір, нөмірді оқытады ғой» деп ой түйетін. Лездемені қорытып, алдағы межелерді саралар редакторымыз Сапар Байжанов:

– Иә, жігіттердің ескертпелері дұрыс. Газетті тұтастай оқылатын материалдармен тығындай алмаймыз, – дейді алдындағы қобыраған тігіндіні олай бір сапырып, бұлай бір сапырып. – Бәрі керек дүниелер. Өз орындарында тұр. Партия съезі мен пленум шешімдеріне орай топтаманы қалайша бермейсіз. Үшінші бетті түгелімен «Планета тынысы» алып жатыр. Өздеріңіз білесіздер, шетел жаңалықтары да оқылады. Күнделікті ресми материалдар мен науқандық хабарлар дегендей. Өлгінде кезекші жолдастар қадап айқандай, соңғы бетті қайтсек те қызықты етіп шығаруымыз керек.

– Өте дұрыс...

– Елге, оқырманға қажет-ау деген сын мақалалар мен фельетондарды да төртінші бетке шығарған жөн.

– Соңғы бетті далитпай, ұсақтау керек.

Тұс-тұстан жамырай пікір қосқан жігіттердің назарын өзіне аударған Сапекең ойын әрі қарай сабақтайды:

– Ақселеу, көремісің «Жексенбілік әңгімені» жұрт жылы қабылдаған сыңайлы. Менің өзіме де тікелей хабарласқандар бар. Демек, оқырмандар әңгіме күтеді. Әрине,

тәуір әңгіме. Кейінгі кезде қаламгерлеріміз тек повесть пен роман жазатын болды. Айналдырған төрт беттік газетке оларын ішектей созып, қалай басамыз. Сондықтан жазушыларға заказ бер. Бір-бір әңгіме жазсын. Керек десеңіз облыстарда тұратын авторлармен сөйлесіп көр. Өзің білесің әлгі «Таңғы шықтағы» әңгімелер қандай еді?! Бәрі де ауыл өміріне арналған. Соның біразын «Мәдениет және тұрмыста» отырғанымда журналға жариялаған едік. Іздестір, тап. Арнайы ұсыныс бермесе, әңгімені бұл күнде ешкім менсінбейді. Ал, бізге шөліккеп, айызың қанып, сүйсініп оқитын жақсы әңгіме керек-ақ. Өздерің айтқандай, менің білуімше де қазір шағын көркем әңгімелерге бүкіл газет-журналдар зәру. Қалайда апта сайынғы әңгімені үзбейік... Зейнел-Фаби Иманбаев, Қарауылбек Қазиев, Күнсая Оспанова, Ерғали Ахметов... Тағы кімдер бар еді, осы... Өздерің де қатысындар. Әңгімелерің болса беріңдер. Көрейік... Жақсысын жариялайық...

– Алматылықтар да жетіп жатыр емес пе.

– Олар жаза қойса де...

– Неге жазбайды? Жазады! Тапсырма берейік. Мәселенки, Бек Тоғысбаев, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Сайын Мұратбеков... Шетінен әңгіме жанрының шеберлері.

– Жарайды, Сапеке! – деді әдебиет бөлімінің меңгерушісі Ақселеу Сейдімбекөв қойын дәптеріне бірдеңелерді түртіп жатып. – Осындағыларға бүгіннен бастап телефондаймын, облыстағыларға арнайы хат жазып жіберемін. Жігіттердің де сын-ескертпелерін де назарға аламыз. «Таңғы шықтағы» әңгімелер ғажап қой. Рас. Жарқ етіп көрінген біразы баспасөз беттерінен мүлдем көрінбейді. Қолымызға түскендеріне қолқа салармыз. Әзірге баспаханада теруде өз аяғымен келген екі-үш әңгіме жатыр... Жаман емес.

Мінеки, «Таңғы шық» туралы, ондағы әңгімелер жөніндегі тиіп-қашпа сөздер алдымнан орағытып, әлсін-әлсін қылаң беріп жүрді. Түскі үзіліске он-он бес минут қалғанда, ертерек төмендегі асханадан жүрек жалғап алып теннистің қызығына кірісеміз. Соңғы уақыттағы жаңалық – әр этаждағы ашық алаңқайға редакциялар жарыса үстел теннисін құрып алған. Бір мезгіл қаламнан қол босағанда бой сергітудің әдемі ермегіне айналған. Үлкеніміз бар, кішіміз бар алаөкпе боп, қолды-аяққа тұрмайтын қаңбақ-шарды ерсілі-қарсылы жерге түсірмей қуалаймыз-ай кеп. Ұтылып қап ойыннан шығып қалғандарымыз іргедегі Ақселеудің кабинетіне бас сұғамыз. Он күннің шамасы, бұл бөлмеден Жәнібек Кәрменов пен Несіпбек Айтов шықпайтын болды. Түс әлетінде тізе қосатын үш дос жаңа бір әннің толғағында. Халықтық құдіретті нәрден тамыр тартқан рухты әннің әуезі құлақ түбінде жаңғырады. Әр шумағын қайырмасымен қосып әлсін-әлсін әуелеткен Жәнібектің зор даусы «СҚ»-ның шаңырағын тербеткеніне де бірнеше күн. Теннис ойнап жүрген жігіттер «тамаша ән» деп тамсанып қояды. Шындығында да жігерлі, ойлы ән. Сахара серілерінің сырлы сазындай жүрек шымырлатады. Сөзін тоғызыншы қабаттағы «Балдырған» журналында істейтін Несіпбек жазыпты. Әннің авторы Ақселеудің қатаң талабымен ол әуен ырғағына орай өлең жолдарын қайта-қайта жаңалап, өзгертуде. Сөзі мен әуезі құп қосылған тұста жүзі бал-бұл жанған кербез әнші Жәнібек бөгелмей шырқай жөнеледі. Жетілдіріп, шыңдай түседі. Бұл күнде қалың қазақтың сүйікті әніне айналған Ақаңның «Арман-айы» үлкен сахнаға осылайша жол тартқан-ды. Айтпағымыз бұл да емес. Жаңа туындыны әлденеше мәрте қайталап, терлеп-тершіп, рахатты күйде отырған Жәнібек-сері қол астында жатқан пәпкісінен жұқалтаң бір кітапты алып, маған ұсынған.

– Жәке, жерлесің ғой, мына кітапты сізге сыйладым...

Мен үн-түнсіз пышақтың қырындай кітапты парақтай аударып-төңкеріп, мұқабасының бірінші бетіне үңілдім.

– «Ақ бантиктің» авторы емес пе?.. – дедім іле-шала.

– Ерғали Ахметовті танушы ма едіңіз? Талдықорғанның Панфиловынан көрінеді. Өте жақсы жазушы. Мына «Талшыбығы» да тамаша кітап, – деп аңқылдаған Жәнібек көмейіндегі ойларын ақтарған. – Ерғалидың өзін көргем жоқ. Телефон арқылы таныстық. Біздің «Жалын» баспасынан (о кезде Жәнібек марқұм осында

қызмет істейтін) жарық көрген осы кітабына редактор болдым. Ауыл өмірін жақсы суреттейді. Қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін терең білетіні әр әңгімесінен анық аңғарылады. Әсіресе, маған Ерғалидың тілі ұнады. Әдебиеттің есігін ертеректе «Жұлдызда» жарияланған «Ақ бантик» әңгімесімен ашқаны мәлім. Көз жазып қалған едік. Үлкен рухани ортадан қол үзгеннің кесірі да. Туған ауылында мұғалім болып істепті. Одан кейін аудандық, облыстық газеттерде қызмет атқарыпты. Қазір Алматыға келіпті-міс, партшколда оқитын сияқты. Тұңғыш жинағын өте кеш шығарып отыр. «Талшыбықтағы» әңгімелерін өз басым сүйсініп қабылдадым. Тартымды. Оқиғаны өрбітуі, кейіпкерлерін бейнелеудегі психологиялық шешімдері нанымды. Қай дүниесі де сыршылдығымен баурап алады...

Сегіз қырлы сырбаз Жәнібектің осынау пікірі Ерғали есіміне бұрынғыдан да қанықтыра түссе, ол сыйлаған алақандай кітап Ерғали шығармашылығына одан бетер ынтықтырған. Жеті әңгіменің басын біріктірген жүз бетке толар-толмас жинақты сол күні-ақ жұмыс аяғына дейін түгел оқып шықтым. Кітапқа әуелден белгілі «Ақ бантиктен» басқа, «Талшыбық», «Қызғаныш», «Алма бағы», «Келін», «Күнбағыс», «Шыт жейде» тәрізді әңгімелері еніпті. Бұған дейін ешқандай баспасөз бетінен ұшыратпағанмын. Ақиқатын айтқан жөн, көңілім сергіп, әжептеуір серпіліп қалдым.

Бетпе-бет кездесіп, тілдесіп сөйлеспеген бейтаныс та, ежелгі танысымды қасымдағы жігіттер де сырттай біле түскен. Өйткені, Ерғалидың «Талшыбығы» қолдан-қолға көшіп, редакцияны аралап кетті. «Жақсы кітап екен, мен де оқып көрейінші» деген әріптестерімнің бірі бірде, «Талшыбықты» ұрлатып алғанын айтып, кешірім сұраған-ды. Мен оған еш өкінгенім жоқ. Қайта қатты қуандым. Ерғалиды іздеп жүріп, ұрлап жүріп оқитындарға қалайша ренжисің.

...Өстіп жүргенде құлағымыз елең етерліктей оқиғаның куәсі болдық. Кім біледі, біреулер үшін бұл әдеттегідей қалыпты жағдай шығар. Әбден мүмкін. Үлкен ұжым болған соң, кімдер келіп, кімдер кетпейді? Өзгелерді қайдам, әйтеуір мен үшін – көктен түскендей жаңалық еді.

– Тездетіп жиналыңдар редактордың кабинетіне. Бастық жиналысқа шақырып жатыр, – деп маң-маң басқан хатшы апайымыз Халида ұзын дәліздің екі жағындағы жыпырлаған есіктерді адақтап шыққан. О кезде бүгінгідей жағдай қайда?! «СҚ»-ға селекторлық байланыстың өзі алып империя құлағаннан кейін келді ғой. Әр қызметкерді бастықтарға жинау үшін хатшылар зыр қағып жүргені...

– Жай жинап жатыр ма?

– Нендей мәжіліс, ә...

– Басекең ұжымды түгел шақырған ба? Іште біреу-міреу бар ма? Кәне, кіре берейік...

– Редколлегия болып жатқан секілді.

Қабылдау бөлмесінде аз-кем кідірген көпшілік іле ішке лап қойды. Жұрттың басын күткен редакторымыз Сапар аға төңірегіне жанар жүгірте:

– Амансыздар ма? – деді маңғаз қалпын өзгертпей. – Тегіс жиналды па? Бір ғана мәселемен шақырып отырмыз. Орталық Комитеттің ұйғаруымен коллективке жаңа қызметкер алдық. Соны ұжымға таныстырайық деп. Насихат бөлімінің меңгерушісі әрі алқа мүшесі етіп Жоғары партия мектебін жақында бітірген Ерғали Ахметовті бекіттік. Көбіңіз білетін де шығарсыздар. Ол белгілі журналист-жазушы, ҚазМУ-ді бітірген.

– «Ақ бантиктің» авторы ғой, – деді әлдекім бастықтың сөзін бөліп.

– Иә. Дұрыс айтасыздар! – Байжановтың үні әлгіндегіден гөрі екпінді естілген.

– Сол атақты «Ақ бантикті» жазған жігіт. Тәжірибесі мол. Аудандық, облыстық газеттерде жауапты қызметтер атқарған. Сіздердің аттарыңыздан Ерғалиға сәттілік тілейміз.

Қашаннан қасаңдығы мен ресмилігі басым ұжымның бұл жолғы бас қосуы да тез аяқталды. Жартыкеш құттықтаудың салқын сызы сезілгендей. Қалың топтың арасынан түрегеліп бой көрсеткен жаңа қызметкер үн-түнсіз бас шұлғыған. Алғашқы аңғарғаным – қабағы ашық, өте кішіпейіл көрінген. Сыртқа қайта өре көтерілгендер де «салмақты, биязы жігіт екен» деп жатты. Жұрт қателеспесе керек. Жақсы адамның

мінезі жүзінде жазулы тұрады.

Ерғали екеуіміз тез тіл табысып кеттік. Қанша дегенмен «қарға тамырлы қазақ» емеспіз бе? Ол да мені сыртымнан жақсы білетінге ұқсайды. «Сен осы, біздің Талдықорғанның Қаратал ауданынан, Балқаштың жағасындағы балықшы колхозынансың ғой» деген алғашқы танысқанымызда. Көктен іздегенім іргемнен табылған менің қуанышым шексіз. Жаратқанның құдіреттілігі демей көріңіз. Қаршадайымнан жадымда жатталған, есіміне сырттай қанық азаматпен бір шаңырақтың астында қызмет атқарамын деген ой, үш ұйықтасам түсіме кірмес жай екені және аян. Енді, міне, илегеніміз бір терінің пұшпағы. Апталық жоспарлауда, лездеме мен түрлі жиналыстарда қатар отырып, бірге жүреміз. Ойымыз ортақ, пікіріміз ортақ, мақсатымыз ортақ. Қайтсек газетті жақсы шығарамыз, қайтсек оқырмандар көңілінен табыламыз?! Нанын жеп отырған қара шаңырақтың абырой-беделі, айналып келгенде өзіңнің мерейің емес пе. Мақсат-мүддеміз ортақ арнаға құйылған біздерді шығармашылық жеке ой-пікірлеріміз тіптен жақындастыра түсті. Қолымыз қалт еткенде әдебиет төңірегінде сыр ақтарамыз. Бірде риясыз әңгіме үстінде Ерекең «Ақ бантиктің» жазылу тарихына қатысты беймәлім бір оқиғаның құлағын қылтитқан:

– Көп адам білмейді. Сенесің бе, бауырым? Бұл әңгіме ойда жоқ жерде жазылды. Өзіндік бәйге-жарыстың нәтижесінде дүниеге келген.

– Расында қызық екен. Бұрын-соңды ешкімнен естімеппін, – дедім одан бетер елеңдей шыдамсызданып.

– Әрине, айтпасақ, жазбасақ көпшілік жұрт қайдан біледі. Мүмкін, қалың оқырманның білмегені де дұрыс шығар.

– Ой, Ереке-ау, творчестволық құпия болмаса, бар шындықты өзіңізден естікші. Университетте кімдермен бірге оқыдыңыз? Кімдерден дәріс алдыңыз?

– Түк те секреті жоқ, – деген әріптесім ақырын күліп қойды. Сәл-пәл бөгеліңкіреп ойға шомғандай. Артынша ыңғайсыздана әңгімесін тым әріден сабақтаған.

– Білемісің бе, Жанатжан? Мені «Ақ бантик» аспанға бір-ақ көтерді. Өзің де шет жағасын жұқалап жеткізіп жүрсің. Рахмет! Бүгінгі күнге дейін көзі қарақты жұрттың дені мені «Ақ бантиктің» авторы деп атайды. Әрине, мен үшін зор мақтаныш, үлкен құрмет. Ойлап отырсам оқырманды дүр сілкіндірген ең алғашқы әңгімемнің жарық көргеніне де ширек ғасырға жуық уақыттың жүзі боп қапты. Екі мүшелдей мерзім. Аз емес. Несін жасырайын, содан бері маңдытып ештеңе жаза алмағаным іштей өкінемін. Журналистиканың қамытынан босайтын түрім әзірге байқалмайды. Талай мәрте оқталдым, таза әдебиетпен айналысуға...

– Әдебиетте, өнерде жалғыз дүниесімен-ақ танымал боп қалғандар көп қой.

Орта жолдан ретсіз киліккеніме қабағын кіржиткен ол менің бетіме біртүрлі тесіліп қараған. Өншейінде шуақ шашып тұратын оның жанарлары сұстылау көрінді. Өңмеңімен өтпесе де, жақтырмағаны сезіледі. Ілкі мезеттік жайсыздықты Ерғалидың өзі жуып-шайғандай.

– Өйтіп өзімізді алдаусыратпау керек, – деді қозғалақтап. Өлгіндегіге қарағанда, даусы да құмығыңқы. – Дәл осы тақылетті пікірлерді әрегідік естіп жүрмін. Ұшқарылау мақтан. «Ақ бантик» ескірмейтін тамаша туынды. Сезім бар да, жастық бар да, таза достық бар да ешқашан өлмейді. Ішім сезеді. Сөйтсе де Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы», Огинскийдің әйгілі «Полонезіндей» кесек дүние жаза алмағаным күйінемін да. Әділ де, сыни көзбен зер салсақ та солай, бауырым. «Таңғы шықтағы» менің замандастарымның көбі қазірдің өзінде алды бес-алты, арты үш-төрт кітабын шығарып үлгеріпті. Ан-а-у Мұхтар Мағауин әр туындысымен әдеби төңкеріс жасауда. Ал мен тұңғыш жинағымды он үш-он төрт жылда зорға шығардым. Кімді кінәлаймын? Ешкімді де! Енжарлықпен уақыттың біразын текке өткізіп алдым. Оның үстіне әдеби ортадан жырақтау, периферияда жүріп қалғаным әжептеуір салқынын тигізгені рас. Қанша десек те Алматыда, қалың қаламгерлер арасындағы бәсеке-бәйгенің жөні бөлек-ақ. Жазуға да қамшылау қажет. Ашығын айтқан жөн. Газеттің күнделікті қара жұмысы да мүжіп-жеп тастады.

– Кешірерсіз, Ереке, әңгімеңізді бөлейін. «Лениншіл жаста» жүргенде осындай

ойды Оралхан Бөкеев пен Марат Қабанбаевтан жиі еститінбіз. «Газетте отырып қалған жақсы емес» дейтін.

– Олар өте дұрыс айтады. Екеуі де газетте ұзақ істеген жоқ. Білеміз ғой, әдеби журналдарға кетіп қалды. Таза жазушылықпен айналысты. Бұрқыратып жазды екеуі де. Бәйгеден-бәйге алып, кітаптан-кітап шығарды. Жарқырап көрінді. Бағана айттым, кезінде біздің де маңдайымызды намыс оты жарқыратты. Мен ҚазГУ-ге 1958 жылы түстім. Абитуриент кезімізде танысқан Әлдихан Қалдыбаев, Қарауылбек Қазиев, Есенбай Дүйсенбаев, тағы бір екі-үш жігіт студенттік жылдары жұптарымыз жазылмады. Алғашқы екі курста пәтерде тұрдым. Астаналық облыстан болғандықтан маған жатақхана бермеді. Достарымның жанына үшінші курста қосылдым. Әлдихан мен Қарауылбек Жамбылдың Шуынан, тіпті, бір ауылдан, ал Есенбай Ақтөбе облысынан.

Жатақханадағы тіршіліктің жөні мүлдем басқаша. Түрлі әдеби кештер мен кездесулерден қалмаймыз. Жазушылар одағы университеттің іргесінде. Күні кеше ғана мектеп оқулықтары мен газет-журналдардан суреттерін тамашалап, жазғандарын тамсана оқыған ақын-жазушыларды жиі көретін болдық. Ол кезде қазақ әдебиетінің арыстары мен марқасқаларының төрт көзі түгел еді. Мұхтар Әуезов «Абайтанудан» дәріс оқыды. Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин ағалармен сан мәрте жүздестік. Сондай-ақ, атақты әдебиетші-ғалымдар Бейсенбай Кенжебаев, Есмағанбет Исмаилов, Зейнолла Қабдолов, лингвист-академиктер Мәулен Балақаев, Исмет Кеңесбаев, т.б. ғұламалар сабақ берді. Таудан құлаған тасқындай күркіретіп өлең оқитын Тайыр Жароковты тыңдадық. Іргесі сөгілмеген ірілердің избасарлары саналатын Қалижан Бекхожин, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков секілді қаламгерлердің ақыл-кеңесін естідік. Мінеки, біздің олжамыз. Жазу-сызуға икемі барлардың бойынан байқаған шоқтарын үрледі. Қасымыздағы жазармандарға еліктеп, өзімізше «болмасақ та ұқсап бақтық». Әлдиханның кішкентайларға арналған шағын әңгімелері «Балдырғанда» жарияланса, Есенбай факультеттің танымал ақыны-тын. Қарауылбектің қысқа дүниелер жазып жүргенінен хабардар едім. Міне, мен де сол достарыма көрсетпей бірдеңелерді шатып-пұтып шимайлап қоятынмын. Именеміз, қымсынамыз. Оның үстіне бұл кезде университет студенттері арасында ұлы Әуезовтің «Толыспаған Толстойлар, шала Шекспирлер» деген сөзі қағытпа қалжыңға айналып кеткен. Өзіл қақпанына түскіміз келмейді-ау...

Төртінші курстың соңында Қарауылбек өзі туып-өскен Шу ауданының газетінде бірер ай жұмыс істеп, тәжірибеде болып қайтты. Тіл-әдебиет бөліміндегі біз де Алматы облысының мектептерінде өндірістік тәжірибеден өттік. Күзде жаңа оқу жылы басталғанда жатақханадағы курстастар жаз бойы бастарынан өткен жаңалықтарды, қызықты оқиғаларды әңгімеге арқау етеді ғой. Бұл орайда алғаш рет редакция өмірімен қоян-қолтық араласып, газет шығарудың қуанышы мен шыжығын көзімен көрген Қарауылбектің көңіл-күйі көтерілді, алған әсерлері мол екен. Аудандық газетке «Қадиша» атты әңгімесі жарияланды. Бұл оның баспа бетіне шыққан тырнақалды көркем туындысы еді. Үлкен өмірге жаңадан қадам басқан бозбаланың алғашқы махаббаты туралы мөлдіреген сезімге толы тап-тұйнақтай ғана әңгіме. Баспахана бояуы сіңген газетті жапа-тармағай оқып шықтық. Әркім өз пікірін айтып, біршама мақтадық. Әсіресе бізге шығарманың тартымды, шұрайлы, бедерлі тілі ұнады.

Достардың тілектестік жылы ілтипаты шабыттандыра түскен болуы керек, Қарауылбек тәжірибеде жүргенде өз басынан өткен ұмытылмас жайды әңгімеледі. Сол жолы ол аудандық газетке алғашқы өлеңдерін әкелген оныншы сыныптың қызымен танысыпты. Әдемі, ойнақы, ерке бойжеткен көрінеді. Келе-келе кешкілік бірге қыдырып, сыр бөлісуді әдетке айналдырады. Мектеп бітірген күні кешкісін екеуі өзен бойлап серуендеп, енді үйіне қайтар мезгілде қыз кенет шашындағы ақ бантигін шешіп алып, ағаш бұтағына байлап кетіпті. Ерке қыз бұл қылығын жігітке: «балалығыммен қоштасуымның белгісі болсын!» деп түсіндірген.

Уылжыған қыздың бұл оқыс әрекеті бізді ерекше елең еткізіп, қатты әсер етті.

— Әй, айналайындар, бұларың жақсы жаңалық қой. Бәсекемен жазылған дүниені алаңдамай тыңдайықшы.

Алдындағы шашылып жатқан қағаздарын жинастырған Әбекең бар назарын аударған.

— Кәне, ендеше, екеуің кезектесіп жазғандарыңды оқыңдар.

Әңгімелердің көлемі шағын еді. Екеуі де нәшіне келтіріп кезек-кезек оқиды. Бар ынта-ықыласымен құлай тыңдаған Әбу аға әлсін-әлсін сүйсінісін де білдіріп, «Әй, мынау дәл менің қызым ғой» деп қуана күліп қояды. Әбден оқып біткен кезде көңілдене қозғалақтап, шалқи щаттанып:

— Қайсысы мықты деп таласып-тармасудың еш қажеті жоқ, екеуі де тамаша әңгіме, – дейді балаша мәз боп. – Осы алған беттеріңнен таймаңдар. Жолдарың болсын! Таланттарың көрініп тұр. Қалам сілтестерің маған ұнап отыр. Сыршыл шығарма. Ерінбей, ізденіп жаза беріңдер. Екеуің де туған жер табиғатын әдемі суреттейсіңдер, байқампазсыңдар. Жазушыға ең кереметі де осындай қасиет. Мына «Ақ бантикеріңде» өздерің армандап жазатын қиырдағы көмескі жұлдыздарың әлі-ақ жарқырайды деп ойлаймын. Тек дандайсымаңдар. Тағы да ескертемін, осылай жаза беріңдер. Қарауылбек, сенің әңгімеңді «Мәдениет және тұрмыс» журналына ұсынайық, ал Ерғали, сен әңгімеңді тура қазір екінші қабаттағы «Жұлдыз» журналына апарып бер. Екеуі де басылады. Редакторына өзім хабарласып, айтамын.

Төбелері көкке жеткендей, Одақтан еңселерін тіктеп шыққан болашақ қос жазушы жатақханаға жеткенше, жігіттерге жеткенше асыққан...

Мұзбалақ тұйғындардың томағасын сыпырған Әбу ағаның қуанышы тіптен алабөтен. Дарынды екі жастың аты-жөндерін аузынан тастамай, жолықтырған ақын-жазушыларға сырттай таныстырған-ды.

Көп ұзамай 1963 жылдың көктемінде Қарауылбек Қазиевтың «Ақ бантигі» аталмыш журналда, ал Ерғали Ахметовтің «Ақ бантигі» іле-шала жаздың басында «Жұлдызда» жарық көреді. Артынша екі әңгіме де келесі 1964 жылы шыққан Қазақстан жас жазушыларының таңдаулы әңгімелерінен құрастырылған «Таңғы шық» жинағына кіреді.

Кезінде қалың оқырмандар арасында, талғампаз әдеби ортада екі «Ақ бантик» те үлкен жаңғырық тудырып, сөз өнеріне қадам басқан талапкерлердің әңгіме жазуға деген ынта-құлшынысына айрықша қанат бітіргені даусыз.

Орайлы тұста мына бір дәйекті де еске түсіре кеткенді жөн көрдім. Осынау шынайы сезімге толы әңгімелердің әсерімен сол жылдары «Ақ бантик» әні дүниеге келеді. Жарты ғасырдан бері үлкен-кішінің жүрегін тербеткен, саф алтындай тамаша жәдігердің авторлары – әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқов пен ақиық ақын Мұхтар Шаханов.

Бәсе-бәсе!.. Сойып қаптап қоймаса да ұқсастық бары анық-ты. Көңілдің шыңырау бір түкпірінде бүгіп жататын бұлдыр ойдың бұлты сейілгендей. Шығармашылық бәсекеден туған «Ақ бантиктің» жұмбақ сырына біршама қаныққандаймыз. Бұлай деуіміздің жөні бар. Егер құдай айдап Ерғали біздің «СҚ»-ға қызметке келмесе, әңгіменің қалай жазылғаны жөнінде мүлдем естімес едім. Әбден мүмкін. Талай ұрпақтың жүрегін жаулаған екі әңгіме де ғұмырлы болды. Тұғырлы туынды туралы әдебиеттің әр буын өкілдерінің өз ой-пікірлерін білдіргенін жоғарыда шет жағалатып айттық та.

Ерғали Ахметов қаламынан туған «Ақ бантик» хақында жазушы ағалары Сырбай Мәуленов, Сайын Мұратбеков, Қалихан Ысқақов, Әкім Тарази, замандастары мен інілері Бексұлтан Нұржекеев, Төлен Әбдіков, Сағат Әшімбаев, Сәрсенбі Дәуітовтердің жылы лебіздерін, марапатқа толы сөздерін өз құлағымызбен сан мәрте естігенбіз. Бірақ, қайдан білейік, пәленбай жылдан соң өстіп қалам тербейміз деп. Жақсы дүниеге қатысы бар олардың бірі «Тұңғыш рет журналға басып едік» десе, екіншісі «Кітапқа енгізген мен болатынмын» дейтін, ал енді біреулері «Талантты жазушы еді, жоғалып кетті» деп қынжылатын.

Ал Ерекеңмен сырласып жүргенде айтқан мына сөздері менің есімде күні кешегідей жаңғырады.

«Сайын Мұратбеков «Жұлдызда» отырғанда менің әңгімемді орыстың тамаша жазушысы Ю.Платоновқа аудартып, «Простор» журналына «Белый бантик» деген атпен шағарыпты. Еш хабарым жоқ. Кейінірек білдім. Неткен адамгершілік!..»

«Қарауылбек досымнан бір күні хат алдым. «Несін айтасың, сенің «Ақ бантигіңнің» арқасында ресторандаттық қой». Сіздің «Жұлдыздағы» «Ақ бантигіңіз» күшті екен. Тамаша әңгіме деседі шетінен. Мен үндемеймін көбіне. Өзің білесің, менің әңгімем басқа журналда басылды ғой». Неткен адалдық!..»

«Бір күні маған «Ленжастан» («Жас Алаш» газеті) сыншы Сағат Әшімбаев звондап, дүрсе ұрсып жөнелсін. «Қайда жүрсіз? Тірімісіз? Бізге тездетіп «Ақ бантик» секілді өте жақсы әңгіме жазып жіберіңіз...» дейді жаналқымнан алып. Неткен қамқорлық!..»

Мінеки, жұрт біле бермейтін қалтарыстар нобайы. Ерғали Ахметов қазақ баспасөзінің қара шаңырағында жеті-сегіз жыл жемісті еңбек етті. Газеттің қарабайыр тірлігінің ара-арасында көркем дүниелерін де ұмытпай, «Тайқазан», «Бауырлар», «Нәсерден соң...» т.б. әңгімелерін ұсынды. Өзіне тән қоңыр әуенді шығармаларды оқырмандар әрдайым рахаттанып ләззаттана оқитын. «Тағы да жазса екен...» Тілектес жүректер лүпілін сезетін ол ешқашан асықпайды-ау. Жінікпейді де аласұрып. Тым қанағатшыл, тым сабырлы. Құдай сыйлаған, қанына сіңген ғажап қасиет. Зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін Алматы облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары қызметін абыроймен атқарды.

Одан кейінгі жағдайдан хабарсыз едім. Несін жасырайық, түрлі-түрлі оқиғалар шылауында кеттік қой. Еліміздің астанасы ауысты, жаңа жерге орын өзгерттік... Анда-санда іздестірген болдым. Ұзынқұлақтан еститінім: «аман-есен жүріп жатыр...»

Таяуда осы жазбаларды жазуға отырғанда Алматыға қайта-қайта телефондап жүріп, тауып алдым. Тұп-тура жиырма бес жылдан соң.

Телефон тұтқасын көтерген Жадыра жеңешемнің нәп-нәзік биязы үнін бірден шырамыттым. Жөн-жосығымды айтып, сәлем сұрасып жатырмыз.

– Ағаң жанымда тұр, трубканы берейін.

– Әл-л-ә!..

– Ассалаумағалейкум, «Ақ бантиктің» авторы? Хал-жағдайыңыз қалай?..

– Е-е, таныдым. Амансың ба, Жанат бауырым?.. Сенің даусыңды да еститін күн бар екен. Сағындық қой өздеріңді. Шамасы, Астанаға бекідіндер-ау. Дұрыс-дұрыс...

– Ерғали ағаның даусы бәз-баяғы қалпында. Әр нәрсені айтып, езу тартқаны да апанық байқалады. – Сол «Ақ бантиктің» елесімен қартайдық. Жеңгең екеуміз, өзің білесің бір тал баламыз Шыңғыстың қолындамыз. Аллаға шүкір, немереміз бар. Жазудан қол үзгем жоқ, ептеп-септеп түртіп қоямын. Жаңадан жазғанымды әзірлеп, баспалардың біріне тапсырмақпын жуырда...

Біз ұзақ сөйлестік.

Келмес күндерді, сағынышты сәттерді қоңыраулаттық.

Ең қуаныштысы, қарапайым да қанағатшыл ағаның әуелгі бағытынан еш айнымай, өзімен-өзі қақ-соқтан аулақ, томаға-тұйық өмір сүріп жатқаны.

Сөз арасында «Жазушылар одағына мүше боп өтіп алмайсыз ба?» деген пендешілік сауалыма селқос жауап қатқан.

– Қажеті бар ма? Онсыз да оқырманым мені «Ақ бантиктің» авторы деп әлдеқашан қабылдады емес пе?

Аң-таңмын. Ештеңе айта алмадым.

Жалғасы келесі санда.

